

**«Ақтөбе облысының дене шынықтыру жән спорт басқармасы» ММ  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
СТАНДАРТЫ**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Дене шынықтыру және спорт басқармасында сыбайластыққа жол бермеу және оның қызметкерлері арасында сыбайластық көріністеріне нольдік төзімділікті көтеру мақсатында жасақталды.

**1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы:** мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, сыбайластықтың алдын-алу саласындағы құқықтық қатынастар.

**2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жасақтаушының атауы:** «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ-сі.

**3. Қоғамдық қатынастардың шартталған саласында жұмыс жасаушы тұлғалардың мінез-құлқы (әрекеті) Ережелері:**

*3.1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа қатысты саладағы жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын іске асыру кезінде:*

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, жеке және заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету, азаматтардың өтініштерін заңнамамен бекітілген тәртіпте және мерзімінде қарау, олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;

- қарастырылмаған құжаттарды талап етуді болдырмау, сондай-ақ, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету, басқа да рұқсат беру құжаттарын ұсыну функциясы кезінде қайсыбір әуре-сарсаңға (бюрократия) салудан аулақ болу;

- нақты бір міндеттерді орындауды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде сәйкессіздіктерді анықтаған жағдайда өкілетті органды қағаз түрінде кідіріссіз хабардар ету;

- тұрғындардың сұраныстарына мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы ретінде толықтай бағдар бере отырып, тұрақты негізде мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын арттыру бойынша шаралар алу;

- мемлекеттік сатып алу кездерінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің.

*3.2. басқарушы және және басқа да шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде өз құзыреті шегінде:*

- мүдделер қақтығысын болдырмау, олар болған жағдайда заңнамаға сәйкес шараларын алу;

- кадр жұмысын ұйымдастыру және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде;

- шешім қабылдауды көздейтін бақылау немесе басқа да іс-шаралар кезінде мәселелерді әділ қарау, шешімдерді тек заңнамаға сәйкес қабылдау;

- мемлекеттік қызметшінің құзырына кіретін шешімдерді қабылдауда өз қызметтік міндеттеріне байланысты ешқандай материалдық игілікті, қызметті және басқа да артықшылықтарды көздемеу;

- қызметтік лауазымына сәйкес және өзіне берілген құқықтар шегінде өкілдіктерді іске асыру;

*3.3. нормативтік-құқықтық актілерді дайындау кезінде:*

- нормативтік-құқықтық актілерді дайындау кезінде ҚР «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480 Заңының талаптарын қатаң сақтау;

- азаматтардың құқықтарына және бостандығына қатысты нормативтік құқықтық актілерді арнайы процедура өткізусіз жасақтауға және қабылдауға жол бермеу;

- өзінің немесе үшінші жақтың игілігі үшін нормативтік құқықтық актіні жол бермеу;

*3.4. тыныс-тіршілік саласының ерекшелігіне қарай туындайтын басқа да қатынастарда:*

- мемлекет мүддесіне зиян келтіретін, мемлекеттік органның жұмыс жасау тиімділігін төмендететін немесе кедергі келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;

- салалық қызметтерді жүзеге асыру кезінде;

- заңмен тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарастырылған әрекеттерді және басқа да құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеу;

- іскерік этикетті және ресми мінез-құлықты сақтау.

**4. Қызметкерлердің сыбайластық фактілерімен жолыққандағы іс-әрекеті:** Егер мемлекеттік қызметшіде сыбайластық тәртіп бұзушылық туралы ақпарат болса, ол оны болдырмау және ондай бұзушылықты тоқтату бойынша қажетті шаралар алуы, соның ішінде жоғары тұрған басшыны жазба түрінде хабардар етуі, өзі жұмыс жасайтын мемлекеттік органның басшылығын, өкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етуі тиіс. Мемлекеттік қызметші сондай-ақ, оны басқа тұлғалар немесе органдар сыбайластық құқық бұзушылыққа тартуға әрекет жасағанда дереу жазба түрінде хабарлауы тиіс.

**Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы**

**М.Махамбетов**

**Таныстырылды:**

№ п/п	Тегі, аты-жөні	Датасы	Ескерту
1.	Сыдыков Нурбол Турарович	01.04.2019 ЖЫЛ	
2.	Шумекеева Роза Салыковна	01.04.2019 ЖЫЛ	
3.	Балманов Абай Аблаевич	01.04.2019 ЖЫЛ	
4.	Мурсалимова Алия Зейнуллаевна	01.04.2019 ЖЫЛ	
5.	Жасакбаева Айнур Сагитжановна	01.04.2019 ЖЫЛ	
6.	Оспанова Айжан Ермековна	01.04.2019 ЖЫЛ	
7.	Оразов Жомарт Узакович	01.04.2019 ЖЫЛ	
8.	Айменова Жансая Нурлановна	01.04.2019 ЖЫЛ	
9.	Кустайбекова Динара Назарбаевна	01.04.2019 ЖЫЛ	
10.	Калаганова Бибигуль Кенжетаевна	01.04.2019 ЖЫЛ	